

## Көшелер атауларын өзгерту туралы

### *Күшін жойған*

Маңғыстау облысы Түпқараған ауданы Баутин поселкесін әкімінің 2010 жылғы 05 мамырдағы шешімі. Түпқараған ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 09 маусымда № 11-6-119 тіркелді. Күші жойылды – Маңғыстау облысы Түпқараған ауданы әкімдігі Баутин ауылы әкімінің 2016 жылғы 02 маусымдағы № 35 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды – Маңғыстау облысы Түпқараған ауданы әкімдігі Баутин ауылы әкімінің 02.06.2016 № 35 шешімімен (қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы заңының 14 бабының 4 тармағын және жергілікті халықтың пікірін, аудандық ономастика жөніндегі комиссиясының 12 ақпан 2010 жылғы № 1/3, 25 наурыз 2010 жылғы № 2 шешімдерін басшылыққа алып, аймаққа еңбегі сіңген азаматтардың есімдерін есте қалдыру мақсатында **ШЕШІМ ЕТЕМІН:**

1. Баутин поселкесінде "Жағалау" көшесі - "В.Г. Водовской" - Ұлы Отан Соғысы ардагері.
2. Аташ елді мекеніндегі "Аташ" көшесі - "Б. Ақсамбаев" - Ұлы Отан Соғысы ардагері.
3. Баутин поселкесіндегі "Жұмысшы" көшесі - "Қ. Саудабаев" - Ұлы Отан соғысы ардагері, ұстаз, аттарына өзгертілсін.
4. Шешімнің орындалысын бақылау өзіме жүктелсін.
5. Осы шешім алғаш реми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Поселке әкімінің	
міндетін атқарушы	Г.К. Шолтаманова